



## Çağdaş Türk Dillerinde Sözcük Dinamikleri: Kazaklaştırma Deneyimi ve Sonuçları

### (Қазіргі түркі тілдеріндегі лексикалық динамика: қазақыландыру тәжірибесі және нәтижелер)

К.С. АЛДАШЕВА<sup>1</sup>

#### Özet

Türkiyat araştırmalarındaki artzamanlı çalışmalarda, Türk dillerine ortak olan temel sözlük fonu tam olarak sıralanmıştır. Temel sözlük fonunun korunması ve kapsamının arttırılması, Türk dillerinin bir bütün olarak canlılığını sağlar. Bu da Türk dilleri arasındaki farklılaşmayı önüyor. Ancak günümüz Türk dillerindeki dinamik süreçler, diller arasındaki ortak özelliklerin farklılaşmasına yol açmaktadır. Özellikle söz varlığına ilişkin mevcut görünüm, Türk dillerindeki sözcük yeniliklerinin sunumuna yön veren ortak konuların bulunmadığını göstermektedir. Daha spesifik olarak, bağlantı dilinin veya donör dilin meşruiyeti korunurken yabancı bir ismin doğrudan benimsenmesi Türk dillerinde hala korunmaktadır. Ancak bazı Türk dillerinde yeni kavramların ve yabancı kelimelerin isimlendirilmesinde dilin iç yeteneklerini kullanma eğilimi de vardır. Bunun bir kanıtı da son otuz yıldır sürdürülen Kazaklaştırma sürecidir. Kazaklaştırma sürecinin sonuçları, Kazak dilinin sözcüksel yeniliklere hakim olma potansiyelini gösteren ve aynı zamanda modern Türk dilleri için de faydalı olan başarılı bir deneyim olarak değerlendirilebilir. Makale, modern Türk dillerinin sözcük dinamiklerini anlatmakta ve Kazakçalaştırma deneyimini ve bunun Kazak dilinde sözcüksel yeniliklerin kazanılmasındaki sonuçlarını analiz etmektedir.

**Anahtar Kelimeler:** Modern Türk dilleri, söz varlığı, sözcük dinamikleri, Kazakçalaştırma, sözcük haberleri.

#### Lexical Dynamics in Modern Turkic Languages: Experience and Results of Kazakhization

<sup>1</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: kama\_kz89@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0001-5292-6727>



## Abstract

In diachronic studies in Turkology, the basic lexical fund common to Turkic languages is fully substantiated. Maintaining the basic lexical fund and increasing its framework will ensure the viability of the Turkic languages as a whole. This prevents divergence between Turkic languages. However, dynamic processes in modern Turkic languages lead to a divergence of common features between languages. Especially, the current view of the vocabulary shows that the Turkic languages do not have common positions that guide them in presenting lexical innovations. More precisely, the direct adoption of the foreign name, while maintaining the legality of the connective language or donor language, is still preserved in Turkic languages. However, in some Turkic languages, there is also a tendency to use the internal capabilities of the language to suggest names for new concepts, foreign input words. One of the proofs of this is the kazakhization process, which has been carried out over the past thirty years. The results of the kazakhization process can be assessed as a useful and successful experience for modern Turkic languages, demonstrating the potential of the Kazakh language in mastering lexical innovations.

The article describes the lexical dynamics of modern Turkic languages and analyzes the experience of kazakhization in mastering lexical innovations in the Kazakh language and its results.

**Key words:** Modern Turkic languages, lexical fund, lexical dynamics, kazakhization, lexical news.

## КІРІСПЕ

Әрбір ұлттық тілдің құрылымы мен жүйесіне негіз болатын тірек – сөз. Сөздің ең қарапайым әрі ең маңызды қызметі – атау. Адамзаттың тіл туралы ғылыми танымының қалыптасуы «сөздің» атауыштық қызметіне деген қызығушылықтан басталады. Лингвистиканың ғылыми парадигмаларында және әралуан салаларында зерттеу нысаны «сөзбен» тікелей байланысты. Сөзді жан-жақты зерттеу тілдің, сол тілде сөйлейтін индивидтің, халықтың, қоғамның түрлі деңгейлердегі ерекшеліктерін анықтауға жол ашты.

Тіл жүйесіндегі үздіксіз динамиканы көрсететін лексика-семантикалық қабат – белсенді қозғалысқа бейім тілдің ішкі жүйесі. Лексикалық қабатпен салыстырғанда тілдің фонетикалық және синтаксистік жүйесіндегі динамиканың бәсеңдігі байқалады. Сөздің пайда болуы және қолданыстан шығуы – әрбір тілдегі сөздік қордың негізгі динамикасы, тарихи даму үдерісінің негізгі көрінісі. Сөздік қордың жаңғыруы қоғамның тарихымен, халықтың рухани-мәдени, экономикалық-саяси өмірімен тікелей байланысты. Қоғамдағы кез келген рухани және материалдық даму сөздік қорда ізін қалдырады, әсіресе лексикалық жаңалықтар – сөздік қордағы динамикалық үдерістердің басты өлшемі.

## Қазіргі түркі тілдеріндегі лексикалық динамика: қазақыландыру тәжірибесі және нәтижелер

Лингвистика ілімінің тарихында есімі айрықша аталатын Ф. де Соссюрдің ғылыми тұжырымдарының негізінде де тілдің динамикасы сөз болады. Ғалым: «әрбір сәтте сөйлеу әрекеті қалыптасқан жүйені де, эволюцияны көрсетеді; кез келген сәтте тіл – тірі әрекет әрі өткеннің өнімі», – дейді. Ф. де Соссюр статиканы синхрониямен, динамиканы диахрониямен сәйкестендірді және диахронияны тіл элементтерін тарихи даму, эволюция бойынша зерделеу деп түсіндірді (Соссюр, 1977).

Ғалым Ю.В. Рождественский тіл динамикасын үш үдеріске бөледі: тіл эволюциясы, тілдің дамуы және тілдің жетілуі:

1) *Тіл эволюциясын* көрсететін үдерістер кезінде тіл бірліктері өзінің фонетикалық (графикалық) сапасын өзгертеді, бірақ бірліктердің саны ұлғаймайды және олардың арақатынасы сапалық жағынан күрделенбейді.

2) *Тілдің дамуы* тіл бірліктерінің сандық ұлғаюы мен олардың арақатынасының сапалық жақтан күрделенуінен байқалады.

3) *Тілдің жетілуі* – адамның тілге саналы түрде (стихиялы емес) ықпал ету салдарынан пайда болатын тілдегі өзгерістер мен дамуды көрсететін динамикалық үдерістер (Рождественский, 1990).

Әлем тілдерінің эволюциясындағы, оның ішінде түркі тілдерінің лексикалық қорын жаңғыртудағы негізгі тенденциялар ғылыми-теориялық тұрғыдан жете зерделеуді және қолданбалы тұрғыдан тиімді өлшемдер ұсынуды талап етеді. Осы бағытта жүргізілетін зерттеулердің бірі – қазіргі түркі тілдерінің жаңа атау берудегі мүмкіндіктерін бағалау және синхронды аспектідегі жай-күйіне талдау жасау. Өйткені сөздік қорды диахронды аспектіде байырғы және көнерген сөздер арқылы тілдердің туыстығын анықтау мүмкін болса, синхронды аспектіде белгілі бір тілдің сөздік қорын дамытатын және байытатын тұрақты қайнаркөздерді және оларды іріктеудің ортақ межелерін белгілеу арқылы тілдің біртұтастығын және ұлттық ерекшелігін сипаттауға болады.

**Түркі тілдерінің базалық сөздік қоры – сөздік қорды жаңғыртудың негізгі қайнар көзі.** Базалық сөздік қор – белгілі бір тілге тиесілі тарих бойында қалыптасқан сөз байлығы, сөздердің жиынтығы. Негізгі сөздік қорды сақтау және сөздік қорды жаңғыртуда оңтайлы пайдалану өте маңызды.

Түрік тілі	Қазақ тілі	Қырғыз тілі	Өзбек тілі
<i>зат есімдер</i>			
baş	бас	баш	бош
göz	көз	көз	кўз
kol	қол	кол	қўл
burun	мұрын	мурун	бурун
yol	жол	жол	йўл

ev	үй	үй	уй
<i>сын есімдер</i>			
yeşil	жасыл	жашыл	яшил
uzun	ұзын	узун	узоқ
açık	ашық	ачык	очиқ
geniş	кең	кенен	кенг
yumuşak	жұмсақ	жумшак	юмшоқ
<i>сан есімдер</i>			
bir	бір	бир	бири
sekiz	сегіз	сегиз	саккиз
on	он	он	ўн
yüz	жүз	жүз	юз
bin	мың	миң	минг
altmış	алпыс	алтымыш	олтмиш
<i>етістіктер</i>			
oturmak	отыру	отуруу	ўтир
almak	алу	алуу	олинг
götmek	кету	кетүү	бормоқ
gelmek	келу	келүү	келиш
satmak	сату	сатуу	соттиш
durmak	тұру	туруу	туриш

**Кесте 1. Түркі тілдерінің базалық сөздік қорынан мысалдар.**

Әлем тілдерінде базалық сөздік қор түрлі аспектілерде зерттеліп келеді. Осы бағыттағы іргелі және қолданбалы зерттеулердің нәтижелері сөздік қорды жаңғыртуда базалық сөздік қордың мүмкіндіктерін пайдалану үшін тиімді.

Ең алдымен базалық сөздік қорға енетін бірліктерді анықтау маңызды. Мәселен, ғылыми деректер бойынша, орыс әдеби тілінде 50 мыңға жуық түбір бар. В.И. Дальдың «Толковый словарь живого великорусского языка» деп аталатын сөздігінде 200 мыңға жуық сөз қамтылған. Л.Н. Засоринаның редакциясымен жарық көрген «Орыс тілінің жиілік сөздігінде» қолданыс жиілігі ең жоғары 30 мыңға жуық сөз аталған. Ағылшын тіліндегі Webster (Third International Dictionary) және Oxford English Dictionary (Second Edition, 1993) сөздіктерін құрастырушылар сөздік қорға 470 мың сөз енеді деп көрсеткен. Кейбір зерттеушілер ағылшын тілінің сөздік қорына санақ жүргізуде барлық неологизмдерді, соның ішінде интернет желілеріндегі және басқа да бейресми ақпарат көздеріндегі сөздерді де, ағылшын тілінің жергілікті ерекшеліктерін көрсететін атауларды да қамту керектігін айтады. Соңғы мәліметтер бойынша жапон тілінің сөздік қоры 500 мың сөзді қамтиды, олардың қатарына сирек қолданыстағы және көнерген сөздер де енген (Википедия).

Бірнеше тілдің базалық сөздік қорын салыстырмалы-тарихи тұрғыдан талдау тілдердің туыстығын дәйектеу үшін жүзеге асырылады.

## Қазіргі түркі тілдеріндегі лексикалық динамика: қазақыландыру тәжірибесі және нәтижелер

Мәселен, орыс тілінің лексикасындағы байырғы сөздердің басқа славян тілдерімен сәйкестігі жалпыславян тілінің ерекшелігін көрсетеді. Белгілі француз тілтанушысы А. Мейе туыстас славян тілдеріндегі ортақ түбір сөздерді анықтай отырып, жалпыславяндық, содан кейін үндіеуропалық лексикалық қорды сипаттайды (Мейе, 1938: 386-413).

Туыстас тілдерге ортақ немесе белгілі бір тілдің байырғы лексикалық базасы – максималды түрде тұрақтылыққа ие қабат. Бұл қабатты анықтау тілдің анағұрлым тұрақты элементтерінің, байырғы түбір сөздердің генетикалық көзін зерделеуді қажет етеді. Базалық сөздік қор әмбебап және жалпыадамзаттық ұғым-түсініктерді қамтиды және тұрақтылық дәрежесі жоғары. В. Виноградовтың пайымдауынша, негізгі сөздік қор – нақты тарихи ұғым; белгілі бір тілдегі жалпы сөздік құрамның тұрақты, тарихи лексика-семантикалық және сөзжасамдық базасы (Виноградов, 1977: 56).

Негізгі сөздік қордың жаңғыруы және баюы «тілдің негізі» мен «жалпы ұлттық сөздік қордың» өзара байланысы арқылы жүзеге асады. Сөздік қордың перифериялық элементтері анағұрлым қарқынды өзгеріске бейім болады. Негізгі қордың элементтерінің тұрақтылығы ұзақ уақытты қамтитындықтан, ұрпақтар арасындағы өзара түсінісу мен түрлі тәжірибелер негізгі сөздік қорда сақталады.

Неміс зерттеуші Г. Дерфер «базалық сөздік қор» идеясын алтай тілдерінің туыстығын анықтау үшін қолданған. Ғалым өз зерттеуінде екі қағиданы негізге алады:

1. Тілдердің туыстығын дәлелдеу үшін ең маңыздысы – базалық лексика, ал мәдени лексика көбінесе өзге тілдерден енеді.

2. Дене мүше атаулары базалық лексиканың құрамына енеді, себебі олар өзге тілден енбейді, сәйкесінше тілдердің туыстық байланысын анықтау үшін сенімді дәлел бола алады. Түркі тілдері бойынша фактілік материалдарға сүйене отырып, Г. Дерфер шет тілдерінен кірме сөздерді қабылдамайтын немесе өте сирек қабылдайтын ядролық базалық сөздікті және шеттілдік сөздерді жиі қабылдайтын перифериялық базалық сөздікті қарастырады. Ғалым ядролық және перифериялық базалық сөздіктің арасында нақты шекара жоқ, алайда оларды сапалық тұрғыдан ажырататын бірнеше межелерді басшылыққа алуға болатынын айтады. Солардың бірі – сөздің қолданыс жиілігі. Жоғарғы жиілік ядролық базалық сөздіктің өте жоғары деңгейдегі тұрақтылығын көрсетеді. Сондай-ақ зерттелетін тілдердің туыстығын дәлелдеу үшін тек ядролық базалық сөздік негізге алынады, ал перифериялық базалық сөздік тілдердің араласуының көрсеткіші, себебі перифериялық қабаттың

басым бөлігі кірме сөздерден тұрады (Дерфер, 1981: 35-44). Түркі тілдері үшін сөздік құрамдағы осындай «тұрақты» қабатты анықтау диахронды аспектіде белгілі бір сөздер тобының жалпытүркілік, оғыз-қыпшақтық негізін көрсету үшін маңызды болса, синхронды аспектіде ұлттық тілдің сөздік қорын жаңғыртуды тиімді жүзеге асыру үшін пайдалы.

***Лексикалық жаңалықтар – тіл динамикасының басты өлшемі.***

Ғылым дамуының қазіргі сатысы алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда айтарлықтай жаңа деңгейге көтеріліп, әралуан салалардың әдіснамалық мүмкіндіктерін, зерттеу нәтижелерін интеграциялау мақсаты алға шықты. Осыған сәйкес тіл біліміндегі ізденістер шеңберінің кеңеюі зерттеудің қолданбалы сипатына басымдық беретін лингвистикалық жаңа бағыттардың қалыптасуына алып келді. Бұл жағдайда тілтанымдық нысаналарды зерттеудің, талдаудың ерекше әдіс-тәсілдеріне, әдіснамалық мүмкіндіктеріне сұраныстың артуы – заңдылық. Осындай жаңаша бағалауды, өзгеше талдауды қажет ететін, тіл білімінің синхронды-диахронды аспектісіне тиесілі, өзекті нысаналардың бірі – лексикалық жаңалықтар.

Лексикалық жаңалықтар – қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларында орын алып отырған трансформацияларға тілдің бейімделуін көрсететін динамикалық үдерістердің нәтижелері.

Қазақ тілінің сөздік құрамында қоғамдық-әлеуметтік, мәдени, білім беру, оқу-ағарту салаларындағы үрдістер мен үдерістердің ықпалымен пайда болған лексикалық жаңалықтардың заңнамалық және тілтанымдық негіздеріне талдау жасауды жалғастыру айрықша маңызды. Әсіресе соңғы ширек ғасыр көлемінде қазақ тілінің сөздік қорында пайда болған жаңа тілдік құрылымдардың қатарында төл тілдің өз әлеуеті арқылы жасалған – *қазақыландырылған лексикалық жаңалықтар* айрықша орын алады. Қазақыландыру идеясының негізі еліміздегі тіл саясатының шеңберінде қалыптасып, «төл тілдің әлеуеті», «тілдің ішкі семантикалық мүмкіндіктері» деген ұғымдар заңнамалық құжаттарда ұдайы атала бастады. Осымен байланысты тілдің динамикасын танытатын бірден-бір дәлел ретінде қазақыландырылған лексикалық жаңалықтардың пайда болуын ұлт тілінің өміршеңдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, қазақ тілінің динамикалық әлеуетін танытатын күрделі үдеріс деп бағалауға әбден болады.

Мемлекеттік және ұлтаралық қатынас тілі ретінде қазақ тілінің дамуы мен қолданылуы қазақстандық ұлттық идеологияның басым бағыттарын жүзеге асыруда ерекше мәнге ие. Қазақстандық тіл стратегиясы, ең алдымен, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін енгізудің және қазақ тілтанымның іргелі және қолданбалы

## Қазіргі түркі тілдеріндегі лексикалық динамика: қазақыландыру тәжірибесі және нәтижелер

проблемаларын талдаудың жаңаша ғылыми негіздерін жасауды талап етеді. Осымен байланысты қазақ тілінің лексикалық жаңалықтармен толығына ұдайы талдау жасау, эксперименттік зерттеулер негізінде эмпирикалық деректер базасын қалыптастыру өзекті болып табылады.

Соңғы жүз жылда түркі тілдерінің сөздік қорының толығына екі қайнаркөз қызмет етті: 1) сөздік қор кірме сөздердің есебінен толықты. Бұл ретте шет тілдік атаулар түпнұсқа күйінде қабылданды; 2) сөздік қор әрбір түркі тілдерінің ішкі мүмкіндіктері арқылы дамыды. Бұл жағдайда тіл жүйесінің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік әлеуеті пайдаланылды. Қазіргі таңда түркі тілдеріне ортақ базалық лексиканың мол қорына қарамастан, лексикалық жаңалықтарды игеруде түркі тілдерінің әрқайсысында өзіндік тәжірибенің қалыптасқандығын байқауға болады. Мұндағы басты проблема – түркі тілдерінің синхронды сатыдағы лексикалық динамикасында алшақтықтың болуы, ал оның басты себебі лексикалық жаңалықтарды игеруде, оның ішінде терминжасамда ортақ ұстанымдардың басшылыққа алынбауы. Мәселен, төмендегі салыстырмалы кестеден бірқатар түркі тілдеріндегі лексикалық жаңалықтарды игерудегі әралуан нәтижелерді байқау қиын емес (Кесте 2).

Түрікше (türkçe)	Қазақша (kazakça)	Қырғызша (қыргыз)	Французша	Ағылшынша	Орысша
imaj	бедел-бейне	сүрөт	image	image	имидж
duyuru	аңдатпа	жарыя	annonce	announcement	анонс
kitapçık	бүктеме	китепче	livret	booklet	буклет
seçme	таңдама	чыгаруу	casting	casting	кастинг
fare	тінтуір	чычқан	souris	mouse	мышка
klavye	пернетақта	баскычтоп	clavier	keyboard	клавиатуры
bariyer	тоспа	тосмо	barrière	barrier	шлагбаум
aplike	жабыстырма	колдонмо	appliqué	application	апликация
enfeksiyon	жұқпа	оорулар	infection	infection	инфекция
alternatif	балама	альтернатива	alternative	alternative	альтернатива
metodoloji	әдістеме	ыкма	méthodologie	methodology	методика
plaster	бұласыр	жамаачы	plâtre	bandage	пластырь

### Кесте 2. Түркі тілдеріндегі лексикалық жаңалықтардың игерілуі.

Байқалған жайт, түркі тілдерінің қай-қайсысында болмасын, түпнұсқа тілден тікелей және дәнекер тіл арқылы сөзді қабылдау үрдісінің белсенділігі әлі де жоғары. Дегенмен, тілдің ішкі семантикалық және сөзжасамдық мүмкіндіктерін пайдалану әдісі де айтарлықтай жолға қойылған.

Түркі тілдері саналуан ғылыми-техникалық терминдердің, ресми-іскери, мәдени-тұрмыстық ұғым-түсініктердің беруде жан-жақты мүмкіндікке ие. Бұған тілдің сөздік қорында соңғы жүз жылда пайда болған атаулар дәлел бола алады. Сондықтан да қазіргі түркі тілдерінде пайда болған жаңа сөздер ұлттың дүниетанымын, психологиясы мен

философиясын бейнелейтін ұлттық-мәдени құбылыс ретінде бағаланады. Өйткені жаңа сөздерді тілдің ішкі мүмкіндігі арқылы жасау сол тілдің өміршеңдігін күшейтуде ерекше рөл атқарады.

Әлем тілдеріндегі «руссификация», «украинизация», «испанизация» сияқты тәжірибелерге қарасақ, «қазақыландыру», «қырғыздандыру», «өзбектендіру», «түріктендіру» және т.б. үдерістердің түркі тілдері үшін де тиімділігін анықтауға болады. Бұл, біріншіден, бір түркі тіліндегі осындай үдерістердің нәтижелерін басқа түркі тілдері үшін де пайдалануды тәжірибеге енгізу базалық лексиканы нығайта түссе, ортақ ұстанымдар негізінде «түркілендіру» үдерісінің жүзеге асуына ықпал етеді.

Қазақ тілі – қазақ халқы үшін ұлттың бірегейлігін айқындайтын, тарихи, мәдени, рухани құндылық. Қазақ тілінің теориялық және қолданбалы проблемаларын шешудің ғылыми негіздерін анықтау – ұлт тілінің тұтастығын қамтамасыз етудің маңызды тетігі ғана емес, бүкіл түркі тілдерінің тұтастығын сақтаудың әмбебап кепілі. Осымен байланысты тәуелсіздік алған кезеңнен бері қарай қазақ тілінің сөздік қорында пайда болған жаңа тілдік құрылымдардың қатарында төл тілдің өз әлеуеті арқылы лексикалық жаңалықтарды игеру тәжірибесі – қазақыландыру үдерісінің нәтижелері тарихи дамуы ұқсас әрі туыстас түркі тілдері үшін пайдалы болары сөзсіз.

Лингвистика ғылымының қазіргі дамуы кез келген тілдің эволюциясындағы өзгерістерге қатысты жүргізілген терең, жан-жақты және байыпты талдаулармен айрықшаланады. Өйткені тілтанымның салыстырмалы-тарихи, құрылымдық-жүйелік және атропоэзеттік парадагималары аясында жасалған ғылыми теориялар эмпирикалық деректермен дәйектеуді қажет етеді. Осымен байланысты қазақыландыру тәжірибесінде пайда болған лексикалық жаңалықтардың тіл иелерінің менталды лексиконындағы жай-күйін, орналасуын, қолданыстық әлеуетін анықтау және тіл иелерінің жаңа лексикалық бірліктерге қатысты субъективті бағалауын, яғни қабылдау / қабылдамау көзқарастарын талдау мақсаты алға қойылды. Жүзеге асырылған эмпирикалық зерттеу нәтижесінде, қазақыландырылған лексикалық жаңалықтардың менталды лексиконда шоғырлануының пәнаралық моделін жасау үшін: а) менталды лексиконды зерттеудің пәнаралық мүмкіндіктері талданды; ә) қазақыландырылған лексикалық жаңалықтардың менталды лексикондағы ассоциативтік-вербалды желісін анықтау мүддесінде ұйымдастырылған эксперимент қорытындылары ұсынылды; б) ассоциативтік эксперимент нәтижелерін верификациялау мақсатында жүзеге асырылған субъективті шкалалау әдісіне негізделген эксперимент нәтижелері талданды; в) ұсынылған



## Қазіргі түркі тілдеріндегі лексикалық динамика: қазақыландыру тәжірибесі және нәтижелер

тұжырымдардың эмпирикалық негіздемесін нығайта түсу үшін жүргізілген баламалы эксперимент деректеріне талдау жасалды.

### **Қазақыландыру тәжірибесі: эмпирикалық зерттеулер нәтижесі.**

Өткен ғасырдың 80-ші жылдары тілдің барлық инфрақұрылымы, өміршеңдігі мен қызмет етуі, таралуы оны тұтынушы халықпен, тіл иесімен тығыз байланыстырылды; «адами фактор» зерттеудің орталық нысанына айналды. Тіл білімінде «адамды оның тілі арқылы тануға» (Ю.Н. Карауловтың тұжырымы) деген ұмтылыс тіл иесінің лексиконын модельдеудің мүмкіндігін ұсынды. Осымен байланысты жеке адамға тән «сөздік қордың» құрылымдық және функционалдық тетіктерін зерделеудің және модельдеудің ғылыми негіздерін қарастыратын әдіснамалық алғышарттар анықталды. Лингвистикалық жаңа ғылыми парадигмасының әдіснамасына сәйкес лексикалық жаңалықтардың эмпирикалық базасын жасау «менталды лексикон» ұғымына түсініктеме беруді қажет етеді, себебі менталды лексикон – индивид санасындағы лексикалық жаңалықтар орналасатын аймақ. Терминдік тіркес ретінде менталды лексикон «жеке адамға тән сөздік» деген ұғымды білдіреді.

Қазақ тілді қоғам мүшелерінің менталды лексиконындағы қазақыландырылған лексикалық жаңалықтардың ассоциативтік-вербалды желісін анықтау қазіргі сөздік қорда пайда болған атаулардың тіл жүйесіне ену әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеудің эмпирикалық кезеңінде еркін ассоциативтік эксперимент жүзеге асырылды.

Ассоциативтік сөздік және тезаурус жасаудың әлемдік тәжірибесінде лексикалық жаңалықтарға арналған ассоциативтік лексикографиялық еңбектің жоқ екені анықталды. Осымен байланысты лексикалық жаңалықтардың ассоциативтік тезаурусын жасау мақсаты алғаш рет тәжірибеге енді.

Сауалнаманың мазмұн көлеміне енген стимулдар ретінде қазақ тілінің төл әлеуеті арқылы жасалған 100 қазақыландырылған лексикалық жаңалық алынды. Зерттеуге қатысатын респонденттерді аймақтық, жас ерекшелік параметрлері бойынша іріктеу жоспарланған. Іс жүзінде Қазақстанның әртүрлі аймақтарынан 17-53 жас аралығындағы 822 респондент зерттеуге қатысты. Респонденттердің жауаптарына сәйкес сауалнаманың төлқұжаттық бөліміндегі параметрлер бойынша негізгі көрсеткіштер төмендегідей болды:

- **ұлты:** қазақ – 814 (99%); өзбек – 4 (0,5%); ұйғыр – 2 (0,25%); басқа – 2 (0,25%).
- **жынысы:** ер – 140 (17%); әйел – 682 (83%);

– **білімі:** жоғары – 304 (37%); аяқталмаған жоғары (студент) – 477 (58%); орта – 41 (5%);

– **қазақ тілін білу деңгейі:** жетік – 550 (67%); еркін – 247 (30%); орта деңгей – 25 (3%); қарапайым деңгей – 0 (0%) (респонденттердің өз жауаптары бойынша);

– **орыс тілін білу деңгейі:** жетік – 263 (32%); еркін – 279 (34%); орта деңгей – 230 (28%); қарапайым деңгей – 50 (6%) (респонденттердің өз жауаптары бойынша).

Ассоциативтік эксперимент бойынша қол жеткізілген нәтижелерді көрсету мақсатында *бедел-бейне* деген лексикалық жаңалықтар бойынша алынған реакцияларға талдау жасалды.

**Бедел-бейне** – *бедел* және *бейне* сөздерінің бірігуінен жасалған, орыс тіліндегі *имидж* сөзінің қазақыландырылған баламасы. *Бедел-бейне* атауының лексикалық жаңалық ретінде тіл жүйесінде пайда болғанына көп уақыт болған жоқ. *Бедел-бейне* деген терминдік тіркес ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы тарапынан жеңіл және тоқыма өнеркәсібі саласы бойынша бекітілген. Сәйкесінше ауызша және жазба коммуникациядағы *имидж* атауының қолданысы әлі де басым. *Имидж* (ағылшын тіліндегі *image* – бейне, келбет) – адамның мәртебесіне сәйкес өзін қалай ұстау керектігі туралы қоғамдық пікірде қалыптасқан идеялар жиынтығы; *имидж* бұқаралық ақпарат құралдарында нысанаға қатысты белгілі бір қарым-қатынасты қалыптастыру үшін PR, насихат, жарнама арқылы жасалады. Ол нысанаға тән қасиеттерді де, нысанаға тән емес қасиеттерді де қамтуы мүмкін. Маркетолог сөздігінде берілген түсіндірмеге сәйкес, *имидж* – «это образ компании или продукта, который закрепляется в сознании аудитории и вызывает конкретные ассоциации. Так пользователи могут оценивать репутацию компании или продукта. Имидж помогает повысить лояльность и вызывает эмоциональный отклик у аудитории» (Словарь маркетолога). Осы анықтамаға сүйенсек, *имидж* сөзінің семантикасында «*белгілі бір нысананың бейнесіне сәйкес қалыптасқан бейне*» деген түсінік бар. Қазақ әдеби тілінің сөздігі және басқа да лексикографиялық деректерде *бедел-бейне* сөзі неологизм ретінде әлі де тіркелмеген. Алайда, атап өткеніміздей, Терминком тарапынан бекітіліп, бұқаралық ақпарат пен басқа да әлеуметтік желі жазбаларында қолданысқа түсе бастағанын байқауға болады: *Бүгін біз мемлекеттік қызметтің әлеуметтік институт ретіндегі корпоративтік бедел-бейнесінің қалыптасуының куәгерлері болып отырмыз; Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы қызметін модернизациялау заманауи ұстаздың бедел-бейнесін қалыптастыруға тікелей байланысты (Интернет ресурстарынан)*. Ассоциативтік эксперимент нәтижесінде алынған

## Қазіргі түркі тілдеріндегі лексикалық динамика: қазақыландыру тәжірибесі және нәтижелер

реакциялардың жалпы саны – 215. Олардың ішінде: **білмеймін** – 228; **бедел** – 175; **бейне** – 151; **беделді** – 133; **имидж** – 68; **авторитет** – 23; **тұлға** – 23; **сыйлы** – 23; **құрмет** – 22; **тауардың сапасы** – 22; **адам** – 21; **беделді тұлға** – 21; **мінез-құлық** – 21; **сырт келбет** – 21; **лидер** – 20; **инстаграм** – 20; **атақ** – 17; **беделі арту** – 17; **жарнамалау** – 17; **беделділік** – 16; **бейненің беделі** – 16; **абырой** – 15; **кескін** – 14; **танымал** – 14; **тарихи тұлға** – 14; **беделі жоғары** – 13; **даңқ** – 13; **көрік** – 13; **қуаныш** – 13; **сыртқы көрініс** – 13; **тауар** – 13; **атақты** – 12; **бәсекелестік** – 12; **беделді адам** – 12; **беделді кісі** – 12; **дәреже** – 12; **жұлдыз** – 12; **реклама** – 12; **бейнелеу** – 11; **бренд** – 11; **видео** – 11; **изображение** – 11; **қызмет** – 11; **престиж** – 11; **статус** – 11; **атақты адам** – 10; **байлық** – 10; **беделді болу** – 10; **жарнама** – 10; **кескін-келбет** – 10; **қайырымдылық жасау** – 10; **отандық өнім** – 10; **пейзаж** – 10; **танымал тұлға** – 10; **адам бейнесі** – 9; **ақша** – 9; **беделі бар адам** – 9; **жеңіс** – 9; **карьер** – 9; **кескіні кету** – 9; **лицо** – 9; **мәртебе** – 9; **репутация** – 9; **танымал әнші** – 9; **түр** – 9; **сурет** – 9; **ақпарат** – 8; **әлеуметтік желі** – 8; **видеозапись** – 8; **дәрежесін көтеру** – 8; **жетістік** – 8; **жұмыс** – 8; **камера** – 8; **танымал ету** – 8; **сауда** – 8; **алдыңғы қатарлы** – 7; **жарнама тақтасы** – 7; **кәсіпкер** – 7; **көрнекті адам** – 7; **құндылық** – 7; **образ** – 7; **образға кіру** – 7; **түр-әлпет** – 7; **портрет** – 7; **танымал тұлға** – 7; **сый** – 7; **абыройы арту** – 6; **беделді қызметкер** – 6; **беделін көтеру** – 6; **бет бейне** – 6; **блогер** – 6; **білімді адам** – 6; **жүріс-тұрыс** – 6; **картина** – 6; **қайырылымдық қоры** – 6; **оқырман** – 6; **сапа** – 6; **авторитетный человек** – 5; **беделді компания** – 5; **бейнелеу өнері** – 5; **жоғары** – 5; **компания** – 5; **лауазымды қызмет** – 5; **табысқа жету** – 5; **келбет** – 5; **танымал кәсіпкер** – 5; **беделсіз** – 4; **беделін асыру** – 4; **бет** – 4; **жақсы ат** – 4; **көрсетілген қызмет** – 4; **лауазым** – 4; **маркетинг** – 4; **тұлғалық даму** – 4; **сыйлы адам** – 4; **фото** – 4; **беделді басшы** – 3; **білім алу** – 3; **көзқарас** – 3; **көрініс** – 3; **мансап** – 3; **мәртебе көру** – 3; **танымалдылық** – 3; **сыртқы бейне** – 3; **фотосессия** – 3; **абыройлы** – 2; **абыройын төгу** – 2; **айна** – 2; **беделі төмен** – 2; **беделі түсу** – 2; **видеоролик** – 2; **құрметті адам** – 2; **мәртебелі** – 2; **персона** – 2; **сөйлегені сөзі** – 2; **сыйластық** – 2; **танымал адам** – 2; **танымал болу** – 2; **түсірілім** – 2; **абыройсыз** – 1; **абыройын көтеру** – 1; **ақпарат ағыны** – 1; **атақты көріну** – 1; **аудиозапись** – 1; **әдебиет** – 1; **беделді мамандық** – 1; **беделді тіл** – 1; **беделсіну** – 1; **беделін салу** – 1; **бейнежазба** – 1; **бейнелеу сабағы** – 1; **бейнесімен танысу** – 1; **бейнесін жасау** – 1; **бейнесін көрсету** – 1; **бейнесін қалыптастыру** – 1; **бейнесін салдыру** – 1; **бейнесін суреттеу** – 1; **бейнесін тану** – 1; **бейнетаспа** – 1; **белгілі** – 1; **бетке ұстар бейне** – 1; **бизнес** – 1; **ватсап** – 1; **видеоархив** – 1; **видеобақылау** – 1; **видеозвонок** – 1; **видеокамера** – 1; **даму** – 1; **дамыған** – 1; **жедел** – 1; **заманауи** – 1; **заттың сапасы туралы сатып алушының пікірі** – 1; **звание** – 1; **зиялы топ** – 1; **индивид** – 1; **келбеті келісті** – 1; **келбетін бейнелеу** – 1; **кескінін келтіру** – 1; **киім киісі** – 1; **көркем бейне** – 1; **көрсеткіш** – 1; **көшбасшы** – 1; **кругозор** –

1; қадір – 1; қоғам беделдісі – 1; қоғам дамуы – 1; қоғамдағы орны – 1; қоғамдық сана – 1; құжат – 1; лауазымы көтерілу – 1; мансабын көтеру – 1; мансап қуу – 1; мансаптық – 1; нарықтық экономика – 1; өте бай – 1; престижный – 1; репутацияны бейнелеу – 1; сатып алушының ойы – 1; статусные лицо – 1; сымбатты – 1; талант – 1; тарих – 1; көлеңке – 1; тез – 1; тез түсіру – 1; телеканал – 1; тұрпат – 1; уверенность – 1; үлгі болар адам – 1; фирма – 1; хабар – 1; шетелдік компания – 1; ішкі бейне – 1; face – 1; reputation – 1.

Бедел-бейне сөзінің қазақ тілінің лексикалық қорындағы орны тұрақсыз. Бұл, ең алдымен, уақыт факторымен байланысты. Бедел-бейне мен имидж сөзінің ауызша және жазба коммуникациядағы қолданысы тең емес. Дегенмен бедел және бейне сөзінің менталды лексикондағы семантикалық желісіне енетін реакциялар бедел-бейне деген қазақыландырылған лексикалық жаңалықтың тіл иелерінің менталды лексиконына ену және орнығу әлеуеті айтарлықтай жоғары екендігін көрсетеді. Бедел-бейне сөзінің мағыналық-ұғымдық сыйымдылығы имидж сөзінің коннотациясын толық қамтиды. Сондай-ақ бедел-бейне сөзі профессор А. Алдаш ұсынған 1) өзектілік немесе қажеттілік; 2) сәйкестік; 3) эстетикалық ұстанымдарына толық жауап береді (Алдаш, 2021).

Яғни, тіл иелерінің қабылдауы үшін танымдық кедергілер жоқ. Ауызша және жазба коммуникациядағы қолданыс жиілігін нысаналы түрде арттыру бедел-бейне сөзінің тіл жүйесінде нормалануына және менталды лексикондағы шоғырлануына мүмкіндік береді.

Лексикографиялық қайнаркөздерде бедел және бейне сөздеріне берілген түсіндірмелер бұған дәлел бола алады.

#### **Бедел:**

– белгілі бір адамның, топтың, қоғамдық ұйымның, әлеуметтік институттың жалпы жұрт қабылдаған, мойындаған қабілеті мен еңбегі. Беделдің ресми және бейресми түрлері болады. Бедел алдын ала белгіленіп қойған, маңдайға жазылған нәрсе емес, әлеуметтік қызмет барысында қалыптасады (Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі, 2007);

– (латынша *autoritas* – қадір-қасиет, күш-қуат, билік) адамның жалпы жұрт таныған қадір-қасиеті, ықпалы, көзқарастар жүйесі немесе белгілі бір қасиеттеріне, сіңірген еңбегіне көрсетілген лайықты құрмет (Философиялық сөздік, 1996);

– ұжымдық топтың, қоғамдық ұйымның, әлеуметтік институттың қабылдап, мойындаған абыройы, қабілеті мен еңбегінің жиынтық атауы (Энциклопедия, 2011);

## Қазіргі түркі тілдеріндегі лексикалық динамика: қазақыландыру тәжірибесі және нәтижелер

– *зат. қоғ.* (лат. *auctoritas* – *өкімет, биік, ықпал*) белгілі бір адамның, әлеуметтік институттың нақты қадір қасиетіне, сіңірген еңбегіне орай жалпы жұрт таныған абырой-атағы (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011).

### **Бейне:**

– *тұлға, мүсін, тұрпат, түр, сурет, кескін, көрініс, белгі* (бинаның түпкі мағынасы өзгере келіп, ол қазақ тілінде көрсетілген мағыналарға ие болған) (Арабша-қазақша түсіндірме сөздік, 2010);

– 1. *зат.* Кескін-келбет, түр-тұрпат, тұлға. 2. *Мүсін, кескін, сурет, пішін, көрік;* 3. *псих.* Дүниедегі заттардың, жануарлар мен адамның түрлі тітіркендіргіштерге жауап қайтарып әсерленуінен қалған із, таңба, өзгеріс. 4. *әдеб.* Өмірді сөз өнері арқылы бейнелеп берудің құралы мен пішімі ретіндегі эстетикалық категория, көркем шығарма яки ауыз әдебиетіндегі кейіпкер, образ, тұлға. 5. *ауыс.* Көрініс, кейіп, бедер (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011);

– *зат. тұлға, кескін-келбет, тұрпат* (Қазақ тілінің омонимдер сөздігі, 1988).

### **Субъективті шкалалау әдісі бойынша эксперимент нәтижелері.**

Қазақ тілінде пайда болған лексикалық жаңалықтарға қатысты тіл иелерінің субъективті бағасын білу мақсатында субъективті шкалалау әдісі қолданылды. Субъективті шкалалау әдісіне негізделген экспериментке барлығы 195 респондент қатыстырылды.

Әдетте субъективті шкалалау әдісі бойынша жүргізілетін зерттеудің мазмұнын «стимул сөз» бен оған қатысты «градуалды шкала» құрайды. Ассоциативтік эксперимент нәтижелерінің шынайылығын нақтылай түсу үшін жүзеге асырылған субъективті шкалалау әдісі бойынша сауалнама мазмұны екі бөлімнен тұрады:

#### **1) Төлқұжаттық бөлім:**

- *ұлты:* қазақ – 192 (98,5%); өзбек – 2 (1%); қырғыз – 1 (0,5%);
- *әкесінің ұлты:* қазақ – 192 (98,5%); өзбек – 2 (1%); басқа – 1 (0,5%);
- *анасының ұлты:* қазақ – 192 (98,5%); өзбек – 1 (0,5%); орыс – 1 (0,5%); басқа – 1 (0,5%);
- *туған жылы:* 1970 жыл мен 2008 жыл аралығында дүниеге келген азаматтар; 14-52 жас аралығы;
- *туған жері:* Қазақстанның әртүрлі аймағынан және Өзбекстаннан;
- *жынысы:* әйел – 187 (95,9%); ер – 8 (4,1%).
- *білімі:* аяқталмаған жоғары (студент) – 156 (80%); жоғары – 34(17,4%); орта – 5 (2,6%);
- *қазақ тілін білу деңгейі:* жетік – 128 (65,6%); еркін – 63 (32,3%); орта деңгей – 3 (1,5%); қарапайым деңгей – 1 (0,5%);
- *орыс тілін білу деңгейі:* жетік – 21 (10,8%); еркін – 73 (37,4%); орта деңгей – 71 (36,4%); қарапайым деңгей – 30 (15,4%);

– мамандығы: гуманитарлық ғылым салалары – 195 (100%).

## 2) Негізгі бөлім:

Нұсқаулыққа сәйкес респондент алты деңгейлі (5, 4, 3, 2, 1, 0) градуалды шкалаға негізделген сандық көрсеткіштердің көмегімен стимул сөзге – қазақыландырылған лексикалық жаңалықтарға әлеуметтік құбылыс ретінде өзіндік бағасын береді: «5» – өте жақсы; «4» – жақсы; «3» - бейтарап; «2» – орташа; «1» – орташадан төмен; «0» – төмен деген сандық көрсеткіштер арқылы өзіндік бағалауын, қарым-қатынасын, көзқарасын білдіреді. Субъективті шкалалау әдісі бойынша ассоциативті эксперимент сауалнамасына енген стимулдардан 13 сөз іріктеліп алынды. Бұл лексикалық жаңалықтар – күнделікті тұрмыста, еңбек нарығында, ақпараттық-технология саласында жиі қолданылатын, актуалды біріліктер. Стимул сөздер ретінде берілген қазақыландырылған лексикалық жаңалықтардың орыс тіліндегі баламалары қатар ұсынылды. Шеттілдік баламалар – қазақ тіліндегі ауызша және жазба коммуникацияда қолданыс жиілігі жоғары немесе қазақыландырылған баламасымен бірте-бірте вариант ретінде жарыспалы түрде қолданыла бастаған сөздер. Ұсынылған стимул сөздер: ТІНТУІР – мышка; ЗИЯПАТ – банкет; БЕДЕЛ-БЕЙНЕ – имидж; ЖЕЛКӨЗ – форточка; ҚОСЫМҚОР – резерв; ТАНЫСҚЫ – визитка; МӘУЕСЕК – щетка; ШАМДАЛ – люстра; НӘРСУ – компот; ҰЙЫҚ – носки; БЕСІКАРБА – коляска; ЖАЯУЖОЛ – тротуар; ОРЫНТАҚ – кресло.

Ассоциативтік эксперимент нәтижелері бойынша бұл сөздердің менталды лексикондағы ассоциативті-вербалды желілері көпторапты. Ескеретін жайт, *тінуір*, *жаяужол* деген атаулар тіл иелері үшін біршама таныс, семантикалық байланыстары айтарлықтай кең. Ал *бесікарба*, *бедел-бейне*, *нәрсу*, *орынтақ*, *қосымқор*, *танысқы*, *желкөз* деген қазақыландырылған атаулардың тіл иелері үшін семантикалық жақтан айқындылығы олардың менталды лексиконында орнығуына біршама мүмкіндік береді, алайда нақты емес. *Шамдал*, *зияпат* сөздерінің семантикалық жақтан әлсіздігі менталды лексикондағы ассоциативті-вербалды желіге енетін бірліктердің шектеулі екенін көрсетті. Жоғарыда қарастырылған *бедел-бейне* сөзінің қатысты респонденттердің субъективті бағалауына тоқталайық.

Орыс тіліндегі *имидж* сөзіне ұсынылған қазақыландырылған *бедел-бейне* деген атауға қатысты тіл иелерінің субъективті бағалаулары мынадай:

1	2	3	4
БЕДЕЛ-БЕЙНЕ – имидж	5 – өте жақсы	42	21,5%
	4 – жақсы	53	27,2%
	3 – бейтарап	37	19%
	2 – орташа	33	16,9%

## Қазіргі түркі тілдеріндегі лексикалық динамика: қазақыландыру тәжірибесі және нәтижелер

	1 – орташадан төмен	14	7,2%
	0 – төмен	16	8,2%

### Кесте 3. Субъективті шкалалау әдісі арқылы «бедел-бейне» сөзіне алынған нәтижелер

Респонденттердің жауаптарына сәйкес ең көп көрсеткіш – 27,2% «жақсы» деген баға берсе, 21,5% «өте жақсы» деген белгілеген. Ал ең төменгі көрсеткіш бойынша 14 респондент (7,2%) «орташадан төмен» деп бағалаған. Ассоциативтік эксперимент нәтижелеріне сәйкес алынған реакциялар *бедел-бейне* сөзі *имидж* атауының баламасы ретінде семантикалық жақтан да, эстетикалық тұрғыдан да тіл иелерінің сұранысын қанағаттандыруға әлеуетті. *Бедел-бейне* сөзіне байланысты менталды лексикондағы ассоциативтік-вербалды желілердің дұрыстығын, семантикалық тораптардың сәйкестігін субъективті шкалалау бойынша алынған нәтижелер де растайды. Демек, менталды лексикондағы ассоциативтік-вербалды желілеріне және тіл иелерінің субъективті бағалау нәтижелеріне сәйкес шеттілдік *имидж* атауының қазақыландырылған атауы – *бедел-бейне* деген лексикалық жаңалықтың тіл жүйесіне ену және тұрақтану мүмкіндігі айтарлықтай жоғары деп бағалауға болады.

### ҚОРЫТЫНДЫ

Субъективті шкалалау әдісіне және ассоциативтік сауалнамаға негізделген эмпирикалық зерттеу нәтижелері – бір-бірін верификациялайтын деректер. Ассоциативтік эксперимент нәтижесінде лексикалық жаңалықтардың ассоциативтік-вербалды желісіне енетін бірліктерді анықтау а) тіл иелерінің менталды лексикондағы лексикалық жаңалықтардың шоғырлануын модельдеуге; ә) жаңа атаудың семантикалық тұрғыдан қаншалықты «қуатты» екендігін бағалауға; б) шын мәнінде тілді құндылық деп танитын қазақ тілі мен мәдениеті өкілдерінің сөздік қорында қазақыландырылған лексикалық жаңалықтың *бар / жоқ* екені туралы қорытынды жасауға мүмкін береді. Ассоциативтік эксперимент нәтижесінде жасалған қорытындылардың шынайылығын растау мүддесінде субъективті шкалалау әдісіне негізделген зерттеуді жүзеге асыру тіл иелерінің нақты сөзге (қазақыландырылған лексикалық жаңалыққа) қатысты саналы көзқарасын анықтауға және қалыптастыруға, сондай-ақ қазақыландырылған лексикалық жаңалықтың тіл жүйесіндегі «тағдырын» болжауға және тіл иесінің менталды лексикондағы позициясын көруге жол ашты.

Тұтастай алғанда, қазақыландыру тәжірибесінің нәтижелерін теориялық және эмпирикалық зерттеулер арқылы дәйектеу:

- еліміздегі тіл стратегиясына сәйкес қазақ тілінің өміршеңдігін нығайтудың теориялық және фактологиялық негіздерді қамтамасыз етуге;
- латыннегізді жаңа қазақ әліпбиін енгізуде қазақ тіліне деген сұранысты арттыруға;
- қазақыландыру үдерісінің оңтайлы нәтижелеріне қол жеткізуге;
- қазақ тіл білімінде синергетикалық бағыттың қалыптасуына және дамуына;
- қазақ тіліндегі лексикалық жаңалықтарды жаңа лингвистикалық парадигмада әрі қарай зерттеуге;
- тарихи дамуы ұқсас қазіргі **түркі тілдері** үшін төл тілдің әлеуеті арқылы жасалған лексикалық жаңалықтардың зерттеудің ғылыми тәжірибесін ұсынуға;
- тұтастай түркі тілдерінде ортақ базалық лексиканы нығайтуға;
- түркі тілдеріндегі лексикалық жаңалықтарды игерудің және терминжасамның ортақ ұстанымдарын бастышылыққа алуға;
- менталды лексиконның құрылымы мен қызметін зерттеудің пәнаралық мүмкіндіктерін ұлғайтуға;
- қазақ тіл білімінің қолданбалы бағыттарын нығайтуға және эмпирикалық деректер базасын қалыптастыруға үлес қосады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- Соссюр Ф. Труды по языкознанию: переводы с французского языка. – М.: Прогресс, 1977. – 695 с.
- Рождественский Ю.В. Лекции по общему языкознанию: Учеб. пособие для филол. спец. ун-тов. – Москва: Высш. шк., 1990. – 381 с.
- Словарный запас // Википедия. – URL: [https://ru.wikipedia.org/wiki/Словарный\\_запас](https://ru.wikipedia.org/wiki/Словарный_запас)
- Мейе А. Сравнительный метод в историческом языкознании. – Москва, 1954. – 100 с.
- (Виноградов В.В. Избранные труды. Лексикология и лексикография. – Москва, 1977. – 312 с.
- Дерфер Г. Базисная лексика и алтайская проблема // Вопросы языкознания. – Москва, 1981. – №4. – С. 35-44.
- Имидж // Словарь маркетолога. – URL: <https://roistat.com/rublog/glossary/>
- Алдаш А. Қазақ ортологиясы: Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 296 б.
- Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2007. – 344 б.
- Философиялық сөздік / Нұрғалиев Р.Н. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы баспасы, 1996. – 525 б.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том. / Құраст. Сүйерқұлова Б., Жанұзақ Т., Жұбаева О. және т.б. – Алматы, 2011. – 744 б.
- Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Қазақ тіліндегі араб сөздері / Оңдасынов Н.Д. 1-том. Алматы: «Білім», 2010. – 167 б.



Қазақ тілінің омонимдер сөздігі / Белбаева М. – Алматы: «Мектеп» баспасы,  
1988. – 193 б.

## EXTENDED SUMMARY

In diachronic studies in Turkology, the basic lexical fund common to Turkic languages is fully substantiated. Maintaining the basic lexical fund and increasing its framework will ensure the viability of the Turkic languages as a whole. This prevents divergence between Turkic languages. However, dynamic processes in modern Turkic languages lead to a divergence of common features between languages. Especially, the current view of the vocabulary shows that the Turkic languages do not have common positions that guide them in presenting lexical innovations. More precisely, the direct adoption of the foreign name, while maintaining the legality of the connective language or donor language, is still preserved in Turkic languages. However, in some Turkic languages, there is also a tendency to use the internal capabilities of the language to suggest names for new concepts, foreign input words. One of the proofs of this is the kazakhization process, which has been carried out over the past thirty years. The results of the kazakhization process can be assessed as a useful and successful experience for modern Turkic languages, demonstrating the potential of the Kazakh language in mastering lexical innovations. The article describes the lexical dynamics of modern Turkic languages and analyzes the experience of kazakhization in mastering lexical innovations in the Kazakh language and its results. The results of empirical research based on the method of subjective scaling and associative survey are data that verify each other. As a result of the associative experiment, identification of the units that enter the associative-verbal network of lexical news a) to model the concentration of lexical news in the mental lexicon of native speakers; b) to assess how "powerful" the new name is from a semantic point of view; b) makes it possible to conclude about the presence / absence of Kazakhized lexical innovation in the vocabulary of representatives of the Kazakh language and culture, who actually recognize the language as a value. In the interests of confirming the authenticity of the conclusions made as a result of the associative experiment, conducting a study based on the subjective scaling method to determine and form the conscious attitude of the native speakers of the specific word (Kazakhized lexical novelty), as well as to predict the "fate" of the Kazakhized lexical novelty in the language system and see its position in the mental lexicon of the native speaker. opened the way.